

XFTAP 19.04.12

### Мұхит Қожашев

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: raimbek26@mail.ru)

#### Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік

**Аңдатпа.** Мақалада кеңестік дәуірде «Ғасыр ақыны» атанған Жамбыл Жабаевтың ақындық қырлары мен поэтикалық қуаты талданады. Жамбыл ақынның мұрасы қазақ әдебиеттану, фольклортану зерттеулерінде кеңестік дәуір әдебиеті кезеңінің құрамында қарастырылып келді. Расында, 1934-45 жылдар арасында кеңестік идеология үшін өте маңызды қызмет атқарды.

Ғасырлар бойы қалыптасу, даму жолдарынан өтіп келе жатқан қазақ халқы 90-жылдардың басынан бері өз тарихына жаңаша көзқарастармен қарай бастады. Бұл – әлемдік өркениеттің қауымдастыққа өз тұлғасымен толық танылуға ұмтылған ұлттық жаңғыру, жаңару жолы.

Халық тарихының көп ғасырлық жолындағы сөз өнерінің көрнекті тұлғаларына да бүгінгі уақыт талаптарына орай жаңаша көзқарастармен қайтадан лайықты бағасын беру – бүгінгі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ әдебиетінің тарихында ақындық өнерімен елеулі мұра қалдырған Жамбыл Жабаев шығармашылығын, ақындық ортасын қайтадан қарастырылуы табиғи заңдылығы екендігі даусыз ақиқат.

**Түйін сөздер:** айтыс, айтыскер ақын, жыршы-жырау, жыршылық дәстүр, импровизация.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-23-29>

**Кіріспе.** Айтыс – қазақ әдебиетіндегі өзіндік ерекшелігі мол, көнеден жеткен күрделі жанр. Суырып-салмалылық дарынмен импровизациялық қабілетті талап ететін өнер сайысы ақынның білімі мен зерделілігін, көкейкесті мәселенің мәнін көркемдік көрігінде суарып айта білетін алғырлықты да қажет етеді. Өз дәуірінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәселелерінің де шындығын шырқыратып жеткізе алатын өнер де айтыс. Өйткені ел алдында қолма-қол туатын жырға цензура жоқ. Сондықтан әділдік пен шындықты көксеген халық айтыс өнеріне ерекше ден қойған. Айтыс ақындарына деген ерекше ілтипат, құрмет те жоғары болған. Айтысқан ақындарды үлкен, кіші, ер, әйел деп бөлмеген, ащы шындықпен қатар анайы сөз де айтылып қалып отырған. Айтыс – синкретті өнер. Айтыс ақындарының ішінде домбырасыз, ән-әуенсіз жырлайтыны сирек. Қобыз, домбыра, бергіндегі сырнай – ақындардың шабытына шырай қосар, арқасын қоздырар шығармашылық серігі. Өздерінің мақамы, әуені болуы сазгерлік өнердің де белгілі бір деңгейлік көрінісі. Әуен, домбыра ақын жырының сүйемелдеушісі ғана емес жетекшісі де. Ақын тыңдаушы көпшіліктің ықыласынан демеу көрсе, домбырасы мен ән әуеніақынға үн қосады, өлеңіне ажар, көркемдік қуатына көрік береді, әсерін күшейтеді.

Айтыста ақын талантын, сөзге шешендігін әрі сезімталдығын көпшілік алдында тұтқиылдансөз тауып, ойын өткір айтып тапқырлығын таныта білуі керек. Қазақ ақындарының ежелгі салтында бөгетсіз, тосыннан айта білмеген ақынды күшті ақын деп танымаған. М.Әуезов шапшаң айтқыш ақындарды «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі» деп дәріптеген. Халық поэзиясының, ұлттық өнердің аса мәнді өміршең саласы, көркем ойымыз бен әдеби дәстүріміздің ғасырлық даму жолдарын айқындайтын көне өрнегі, туған тіліміздің сөздік қорының бай қазынасы да әлемдік әдебиетке қазақ халқының қосқан үлесі де айтыс өнері. Жазба әдебиеті ерте өркендеген елдерде айтыс жанры жоқ екендігін есте ұстаған уақытта, бұл жанр біздің әдебиетімізде сақталып дамып келеді. Өзіндік түр ерекшелігімен, мазмұн мәнділігімен тақырып аясының алуандылығымен тәнті еткен айтыс жанрының шынайы өмір көріністерін өрнектеп, өркен жайған кезеңі –

XIX ғасыр. Алғыр ойлы, сұңғыла шешен, өткір тілді ақындар халық арасында жасын жы-рларымен ел ілтипатына бөленді. Қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты поэзия айтыс болған. Теңдесі жоқ төл өнеріміздің алтын ғасыры – XIX ғасырда айтыстың сапалық жағынан өсуінде өзіндік ізін қалдырған Жанақ, Түбек, Сүйінбай, Шөже, Біржан, Сара, Әсет, Майкөт, Бақтыбай сияқты саңлақ жүйріктердің шоғырында Жамбыл есімі тұруы заңды. Ақын шығармашылығы кеңес дәуірінде көбінесе «жасампаз заман жыршысы» ретінде дәріптеліп, айтыстары кеңестік дәуірді жырлаған өлеңдерінің көлеңкесінде қалып келді.

*Той десе он жетімде тартынбадым,*

*Семсердей майдандағы жарқылдадым,* - деген Жамбылды алғаш халыққа та-нытқан төкпе-импровизаторлық, синкреттік өнері – айтыскерлігі.

Жамбылдың айтыстары жөніндегі пікір, зерттеулерде ақын айтыстарын негізінен екі кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы жүйе – Сайқал қызбен, Жаныс ақынмен, Бөлектің қызымен, Сара, Бұрым, Айкүміспен сөз қағысулары Бақтыбайдың бата алуы, екінші жүйе – Құлманбетпен, Бөлтірікпен, Майкөтпен, Сарбас, Досмағамбет, Шашубайлар сияқты ірі ақындармен сөз сайысына түсуі. Жамбылдың айтыстарын жүйелеудегі хронологиялық тәртіп ақын өнерінің қалыптасуы, өсу эволюциясын аңғарту үшін маңызды.

«Қазақтың ескі әдеті мен айтысатын ақындардың әрқайсысы өз елін артық қойып, қарсы ақынның елін жамандап, мінін табуға, кемшілігін көрсетуге тырысады. Ақындардың айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан, ешбір ақынды оның елі өз ішінде сынап алмай зор айтысқа жібермейді. Сондықтан ақын болғысы келген адамдар өзінің ақындық күшін әуелі жастардың әзіл-оспағында, ойын-сауығында әдет жағдайларында көрсетіп, өз ауылының, өз елінің мөлшерінде ақын деп танылып, үлкен күрделі айтысқы содан кейін түседі» - дейді С.Мұқанов. Жамбыл да осындай сыннан, мектептен өткен ақын. Жамбылдың туып-өскен елінде қазақтың қара өлеңмен қажасатын «қайым айтыс» деген жанрлық түрі өте мол болған деседі. Елдің әдеті болған осы айтысқа заманының өз қатарлы жасы ретінде Жамбыл да ерте араласады.

*Ақынды ауылға ермек басып озып,*

*Жұлдыздай көзге түсіп жарқылдадым,* - дейді алғашқы айтыстары туралы ақын. Жамбылдың жастық шағын, сыпайы сөз сынасын білдіретін айтыс өлеңнің бірі – Ай-күміспен айтыс-қағысында қыз бен жігіттің бір-бірінен сыр тартуы әзіл-қалжыңмен әдемі өрілген. Жаз айында Ақтасты жайлауында бір тойда Жамбыл әрі сұлу, әрі ақын Айкүміспен кездеседі, өзінің іңкәрлігін астарлап, тұспалдап өлеңмен жеткізеді. Ақын қыз да әдептен аспай әзілмен жауап береді.

Жамбыл:

*Ауылым жайлапотыр Ақсеңгірді,  
Көз сүзіп сіздер жаққа еңсем құрды.  
Қолыма бір ұстатсаң түсінерсің,  
Томпайған төсіндегі өртеңгірді.*

Айкүміс:

*Жамбыл-ау, ұстатпаймын кінә қойма,  
Кетейін қайтып ардан мына тойда.  
Жақсы сөз жан семіртер деген бар ғой,  
Әдепті мінездерің жүрсін ойда.*

**Астарлы, құмарлы қолқаға әдеппен уәж** айтқан Айкүміс сөзіне Жамбыл тоқтайды. Жамбылдың кейіннен өзінің әдеби хатшысы Ғ. Ормановқа әңгімелеп берген бір айтысы – Бөлектің қызымен сөз қағысы. Ақын әңгімесіне «Шеңгелдіден Қарашоқыға қарай бет алған қалың көшек жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы саф күміс, кигені дүрия торғын салтанатты қыз екен. Неде болса

қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі тор шолақты қамшылап жіберіп қызға қатарласа кеттім. Бір-екі рет салқын қарап қойды да, қыз өлеңді қоя берді», - дейді.

*Көк шолақпен тепектеп,  
Тор шолақты жетектеп,  
Жанай берме көшімді.*

*Түйелерім шошиды, - деп жорта жақтырмай өлеңдеткен Бөлектің қызына*

Жамбыл:

*Әсем басқан құла атың,  
Өзіңді де ұнаттым.  
Жақындағым келеді,*

*Жақсы көрген жұратым, - деп ойнақы, аяңшыл аттың әсем жүрісіндей, ұнасқан ұйқасты өлеңмен әзіл сөз тастайды. Өктемдеп сөйлей бастаған қызға жүйелі сөздің жүйесін табатынын, жүйесіз сөздің иесін табатынын да ескертті.*

*Ел аруағын сыйламас есер қыздар  
Жеңіл сөйлеп орынсыз шошаңдамақ.  
Жылы көріп жүзіңді жақындап ем,  
Қомытсытып сөйледің үдеп-үдеп.*

Айтыс-қағыстағы бір-екі ауыздан кезектесіп, әзіл-қалжың айтуда да Жамбылдың тапқырлығын, ұтқырлығын андаймыз. Қыз шешесі тоғыз беріп тоқтатып тастаған бұл айтысты Жамбылдың өз әдебиет хатшысына айтып беруі қазақ ақындарының арасында жиі кездесетін ежелгі тиімді дәстүр бар. Айтыстардың көбінше бізге жетуіне әсерін тигізген бұл дәстүрде айтысты айтысқан ақындардың бірі кейінгіге қоспасыз айтып, кей кезде өңдеп жеткізіп отырған. Осы орайда А. Байтұрсынұлының «...айтыс бастапқыда шын екі ақынның айтысы болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болғандығы» туралы пікірі айтыс ақындарының беделіне селкеу түсірмейді, қайта айтушы, жеткізуші ақынның поэтикалық зердесін айғақтай түседі. Жамбылдың өзі жаздырып, ел арасында айтып таратқан Бақтыбаймен танысуы, Майкөтпен дидарласуы ағалық ілтипат, інілік ізеттің үлгісіндей. Жетісудың жел жетпес жүйрігі атанған Бақтыбайдың:

*Қырсау тартқан кісімін,  
Мен өлеңнің аяғы.  
Күй мен сөзді ағытқан,*

*Қайратым жоқ баяғы. -демек Жамбылмен қартаң шағында кездескен:*

*Шаңырақтың бойында,  
Мен үйімнен шыққанда.*

*Сен бар едің ойымда ... -деп кездесуді өзінің де қалағанын, дабысы алысқа жеткен Жамбылдың сөз саптасын, аяқ алысын аңғарғысы келгенін аңғартады. Жамбыл да өз кезегінде «күй мен сөзді ағытқан» Сүйінбай салған жолмен Тезек төреге тепсінген ақынның атақ-даңқын жақсы білетіндігін өлеңмен өріп, дуалы ауыз ақыннан бата сұрайды.*

Жамбылдың парасат-пайымын танытқан, азаматтығын асырған ел ішіндегі ірі оқиғалардың бірі – Сарыбайдың асындағы үлкен жиында Майкөт ақынмен алғаш кездесуі. Майкөт Майтөбенің жотасына келіп жеткенде, ас қамында жүрген Жамбыл дер кезінде ақынның алдынан шыға алмайды. Майкөт:

*Естуші едім дабысын,  
Жамбыл бардеп осында.  
Неге сәлем бермейді,*

*Мендей кәрі досына, -деп ағалық назын айтады. Бұл кез Жамбылдың Құлманбеттей жүйрікті сүріндірген, сөйтіп ақындық бағы ашылып, бүкіл Жетісуға даңқы жайылған тұсы еді. Сондықтан Құлманбетті жеңген Жамбылдай жас албыртты Майкөт ақын көруге асығады.*

*Сіз бе еді ақын аға Майкөт деген,  
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.  
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,  
Именіп өзге ақындар бәйтектеген.*

Жамбыл әдеппен кешірім сұрап, ақынның алдынан шығады. Жамбылға оң батасын беріп ұстаз болған Майкөт қырғыз-қазаққа даңқы тегіс жайылған ХІХ ғасырдың ірі айтыс ақыны, әрі асқан жырау. Сүйінбай да, Құлманбет те, Жамбыл да, Тоғалақ бастаған қырғыздың көп ақындары да оны ардақтап өлеңіне қосқан. Тума талант, нағыз айтыскер ақындардың өнерінің танылуына өзі сияқты шашасына шаң жұқпас ақындармен сөз сайысына түсуі себепкер болған.

Айтыс – сөз барымтасы, онда барымтаға сырымта болған сөз қарымта қайтарылған. Айтыс ақындары өлең таба алмағандықтан жеңілмейді. М.Әуезов: «Бәрі де жеңілгенде ұтымды дәлелден атсырап, жүйеге жығылып, дау сөздің логикалық жағынан ұтылып барып жеңіледі. Жеңуші жақ, өзінің қарсы ақынына бет бұруға, жалтаруға ерік бермей, өмірлік логикалық шындықтар табады. Дәлелдермен тұсап, тұқыртып буып тастайды.

Ондай өмір ұқсас сөз айтқанмен әлсіремейді, мұқалмайды. Сондықтан көлденең тындаушы, сыншы жұрт та, жол білетін ақын өзі де, бұл тартыста жеңілгендікті айқын ұғынып, еріксіз тастайтын болады», - дейді.

Сөз сүлейі Сүйінбайдан «Айтсаң, өшпейтін өз сөзінді айт! Айтқаның бірге емес, мыңға жақсын. Тамағың жырламасын, жүрегің жырласын!» деген бата алған ақынның айтыс-қағыс өлеңдері сақталмады. Жамбыл айтыстарының осы кнге жетуіне Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Өтеп сияқты ақын шәкірттері зор үлес қосты. Пайғамбар жасынан асқаннан кейінгі кезеңде Жамбыл айтысқа қатысқанымен үлкен сөз додасына түспеген.

1943 жылы өткен республикалық ақындар айтысын беташар жырымен ашқан Жамбыл еді. Қиын-қыстау соғыс жылдарында өткен бұл айтыста өзінің айтысты сағынғанын, Сүйінбай, Шөже, Кемпірбай, Майкөт, Бақтыбайлар салған ақындық жол, дәстүрдің жалғасын тапқанын шабыттана жырлап, ақындарға бағыт сілтеп, ақ ниет, ықыласын білдіреді:

*Уа, Орынбай, Шашубай,  
Ағытыңдар өлеңді.  
Жазғытұрғы тасқындай,  
Нартай, Кенен, Нұрлыбек  
Сөздерінің күшінен,*

*Жау жүрегі түршіксін,* - деп жауға атылған оқ іспетті жауынгерлерге дем беріп, жігерлендіретін жалынды жырды, ақыл-өсиетті асыл сөзбен өрнектеген тәлімді толғауды ақындардан талап етеді.

Жамбыл – Жетісу жерінде жыр нәсері төгіп тұрған кезеңнің перзенті. Сырлы сұлу сөзді Сүйінбай, жел жетпес жүйрік Бақтыбай, Құлан аян Құлманбет, Майкөт пен Бөлтірік сынды жыр жампоздарының алдын көрген ақын. Жамбылдың айтыс өлеңдерінен оның өзіндік қол таңбасын белгілейтін ұтымды жолдар мен ұлттық баяу нақышты образдар жүйесін, өзіндік бет, қайсыбір дараланбасдаралық сипаттарын көреміз. Ш. Айтматов Мәскеудің Колланалық залында ақынның туғанына 125 жыл толу мерекесіне арналған салтанатты кеште: «Жамбыл мейлінше күрделі құбылыс, көпшіліктің көз алдында отырып, өлең-жырды табан астында суырып салып төгіп айту – жұрттың айтқанындай, ең жоғарғы мәртебелі өнер. Өткендегі тәжірибені нақ осы шақтағы тарихи және философиялық, психологиялық тұрғысынан бейнелеп жырлауға шебердің шебері, дарынның дарыны ғана тәуекел ете алады. Импровизаторлық өнердің «сиқырлы» күш-қуатының өзі осында ғой. Сондықтан да бізде өнер адамының ең асқар шыңын – ақындық жырлау шеберлігі деседі. Міне, Жамбыл осындай күдіретті, қуатты ақын еді», - деп ой толғаған еді.

Импровизаторлық тума дарындылық болғанымен оның ұшталуы, дамып толысуы үнемі ізденіске, машықтану, жаттығуға тәуелді. Оқығаны, тоқығаны мол, халықтың бұрын-соңды тарихы, шежіресін, әлеуметтік жайын, саяси ахуалды жақсы білетін, өзіндік ой-пікір, топшылау түйіні бар ақын айтыста қандай тақырыпқа жырласа дәіркелмесе керек-ті. Ізденісі аз, ой-өрісі тар ақын қанша дарынды болса да сүрінеді, бір серпілуі кем соғып, қара тері алынбаған аттай барлығып қалады. Сондықтан кей ақынның аламан айтыста айтылар тағылымы болмағандықтан толып жатқан күрделі, көкейкесті мәселелерден қашқақтап отбасы, ошақ қасы, бас міні сияқты болмашыны айналсоқтап, арзан әзіл, құнсыз күлкіні талшық етеді.

Жамбыл айтыстарын өткен ғасыр ішіндегі айтылған айтыс болса да неше буын жас ақындар жаттап өскен, өздеріне жол, өрнек етіп алғаны аян. Жамбылдың күші – шын халықтық таза туғызуда, жұрт қамын жоқтауында, ақиқаттан қашпауында.

Жазушы Ә.Нұрпейісов Жамбыл айтыскерлігін «халқымыздың жыр мұхитындағы азғантай айсбергтердің бірінің су астында салмағымен батып бара жатқан көздің таса бөлігіне» теңейді. Сол салмақты бөлігіне назар аудару – бүгінгі «жыр бәйгесіне аттанған» (Мұқағали) талантты ұрпақ Жамбыл ақындығын ауызға құрғақ алмай, тереңіне бойлап тұшынсын һәм сөз сиқырына қанықсын деген ниет.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 «Жамбыл»: энциклопедия. - Алматы: «Қазақ ұлттық энциклопедиясы», 2016. - 356 б.
- 2 Кенжебаев Б. Қазақ халқының жыршысы – Жамбыл Жабаев. / Б. Кенжебаев - Алматы, 1955. - 32 б.
- 3 Бегалин С. Жамбыл: өмірбаяндық хикаят. / С. Бегалин – Алматы: Жазушы, 1996. - 184 б.
- 4 Жамбыл Жабаев. Үш томдық шығармалар жинағы. / Ж.Жабаев - Алматы, 1955. - 312 б.
- 5 Қасқабасов С.А. Жамбыл. / С.А. Қасқабасов - Алматы, М.Әуезов ат. ӘӨИ., 2011. - 463 б.
- 6 Базарбаев М. Жамбыл – халық жыршысы: / М. Базарбаев - Алматы: Жазушы, 1982. - 255 б.
- 7 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. 2-том. / Ғ. Мүсірепов - Алматы, 1975. - 584 б.
- 8 Қасқабасов С. Қазақтың аңыздық прозасы. / С.А. Қасқабасов - Алматы, «Ғылым» баспасы, 1990. - 269 б.
- 9 Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. / С. Садырбайұлы - Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1996. - 240 б.
- 10 Ұлы дала тұлғалары. / жинақ - Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. - 392 б.
- 11 Жармағамбетов Қ. Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы / Қ. Жармағамбетов - Алматы: Жазушы, 1955. - 299 б.
- 12 Амандықов Я. «Жамбыл өнер әлемінде» / Я. Амандықов - Алматы, «Қайнар» баспасы, 1998. - 176 б.
- 13 Жолдасбеков М. Жамбыл және оның ақындық дәстүрі: филол.ғыл.докт...дисс.автореф. / М. Жолдасбеков - Алматы, 1993. - 35 б.
- 14 Жабаев Жамбыл. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1996. – 384 б.
- 15 Садырбайұлы С. Жамбыл жайындағы алғашқы жарияланымдар // «Егемен Қазақстан» газеті, – 16 сәуір, - №76, -1996.
- 16 Жамбыл туралы сөз: Баяндамалар мен мақалалар жинағы / Жауапты редакторы Б.Б. Мамраев, Қ.Х. Сәлімгерей. - Алматы: «Комплекс» баспасы, 1996. - 153 б.
- 17 Атшабаров Б. Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» / Б. Атшабаров // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2 тамыз, 1972.

18 Жабаев Ж. Шығармалар жинағы. / Ж. Жабаев – Алматы, 1982. 1-т., - 336 б.

19 Путилов Б.Н. Искусство былинного певца (из текстологических наблюдений над былинами) / Б.Н. Путилов // Принципы текстологического изучения фольклора. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1961. – Т. 6. – 393 с.

### Мухит Кожашев

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан*

#### **Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова**

**Аннотация.** В статье анализируются поэтические аспекты и поэтическая сила поэта советских времен Жамбыл Жабаева. Наследие Жамбыл считается частью литературных исследований советской эпохи в казахской литературоведении и фольклористике. Действительно, в течение 1934-45 годов она играла решающую роль для советской идеологии.

С начала 90-х годов казахстанцы, находящиеся на пути развития и развития, начали смотреть на свою историю по-новому. Это способ модернизации и обновления мировой цивилизации, которая стремится к полному признанию своей идентичности перед обществом. Одним из наиболее актуальных вопросов современного этапа является переоценка наиболее выдающихся деятелей устной традиции народной истории с новыми взглядами на современные требования. Тот факт, что творчество Жамбыла Жабаева, поэтическая среда является одной из великих личностей, оставшихся в истории казахской литературы со значительным наследием, является естественной законностью.

**Ключевые слова:** айтыс, акыны айтыса, жыршы-жырау, традиций импровизаций.

### Mukhit Kozhashev

*Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

#### **Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery**

**Abstract.** The article analyzes the poetic aspects and poetic power of the Soviet poet Zhambyl Zhabayev. The heritage of Zhambyl is considered part of the literary research of the Soviet era in the Kazakh literary studies and folklore. Indeed, during 1934-45 it played a crucial role for Soviet ideology. Mugen Auezov's article «Zhambyl and folk poets» states: «If Gomer's name is a complementary name of the whole generation of folk poets for many centuries, the full and aggressive people of the people of the last century are Ashgur Stalsky, the poet Zhambyl and other people poets' names. « (Перевод не соответствует тексту аннотации на казахском языке)

From the beginning of the 90s, Kazakh people, who have been on the path of development and development, have begun to look at their history in a new way. It is a way of modernizing and renewing the world civilization, which has been striving for a full recognition of its identity to the community. One of the most pressing issues of today's stage is to re-evaluate the most prominent figures of the oral tradition of folk history with new perspectives on modern requirements. The fact that Zhambyl Zhabayev's creative work, poetic environment is one of the great personalities left in the history of Kazakh literature with a significant legacy, is a natural legitimacy.

**Keywords:** aitys, aitys, poets, zhyry-zhyrau, tradition of poetry, improvisation

### References

- 1 «Zhambyl»: énciklopediýa [Zhambyl: Encyclopedia]. Qazaq ulttyq énciklopediyasy [The Kazakh National Encyclopedia], 2016, 356 p. [in Kazakh]
- 2 Kenzhebaev B. Qazaq chalqynyn zhyrshysy - Zhambyl Zhabayev [The Kazakh people's poet Zhambyl Zhabayev]. (Almaty, 1955, 32 p.). [in Kazakh]

- 3 Begalin S. Zhambyl: omirbayandyq chikayat [Zhambyl: Biographical story]. (Writer, Almaty, 1996, 184 p.). [in Kazakh]
- 4 Zhambyl Zhabayev. Ush tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of three volumes]. (Almaty, 1955, 312 p.). [in Kazakh]
- 5 Kaskabasov S.A. Zhambyl [Zhambyl]. (The name M.O. Auezov MDI, Almaty, 2011, 463 p.). [in Kazakh]
- 6 Bazarbayev M. Zhambyl – chalyq zhyrshysy [Zhambyl is the national poet]. (Zhazushy, Almaty, 1982, 255 p.). [in Kazakh]
- 7 Musrepov G. Tandamaly [Custom]. 2-tom [Volume 2].(Almaty, 1975, 584 p.). [in Kazakh]
- 8 Kaskabasov S. Qazaqtyn anyzdyk prozasy [Kazakh legendary prose]. (Almaty, 1990, 269 p.). [in Kazakh]
- 9 Sadyrbaevich S. Folklor zhane Zhambyl [Folklore and Zhambyl], (Native language, Almaty, 1996, 240 p.). [in Kazakh]
- 10 Uly dala tulgalary [The people of the Great Steppe], (Adebiet alemi, Almaty, 2013, 392 p.).
- 11 Zharmagambetov K. Zhambyl Zhabaevtyн omiri men tvorchestvosy [The life and work of Zhambyl Zhabayev]. (Zhazushy, Almaty, 1955, 299 p.). [in Kazakh]
- 12 Amandykov Ya. Zhambyl oner aleminde [Zhambyl in the world of Art]. (Kainar, Almaty, 1998, 176 p.). [in Kazakh]
- 13 Dzholdasbekov M. Zhambyl zhane onyn aqyndyq dasturi: filol. gyl. dokt... diss. avtoref. [Zhambyl and his poetic tradition: philologist.doc...diss. author]. (Almaty, 1993, 35 p.). [in Kazakh]
- 14 Zhabayev Zhambyl. Eki tomdyq tandamaly shagarmalar zhinagy [Two volumes of selected compositions]. (Zhazushy, Almaty, 1996, 384 p.). [in Kazakh]
- 15 Sadyrbaev S. Zhambyl zhayyndagy algashqy zhariyalanymdar [The first publications on Zhambyl]. (Newspaper «Egemen Kazakhstan», 1996, (76), April 16.). [in Kazakh]
- 16 Zhambyl turaly soz: Bayandamalar men maqalalar zhinagy [About Zhambyl: Reports and articles], zhaupty redaktory B.B. Mamraev, Q.Ch. Salimgerei [Responsible editor B.B. Mamraev, K.H. Salimkerei]. («Complex», Almaty, 1996, 153 p.). [in Kazakh]
- 17 Atshabarov B. Zhambyl zhyrlagan «Korugly» [«Korugly» by Zhambyl]. (Newspaper «Kazakh literature», August 2, 1972.). [in Kazakh]
- 18 Zhabayev Zh. Shygarmalar zhinagy [Collections of works], (Almaty, 1982, 336 p.). [in Kazakh]
- 19 Putilov B.N. Iskustvo bylinnogo pevtsа (iz tekstologicheskikh nablyudeniy nad bylinami) [The art of an epic singer (from textual observations of epics)], Printsipy tekstologicheskogo izucheniya fol'klora [Principles of textual study of folklore]. (Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, Moscow-Leningrad, 1961, (6), 393 p.).

**Автор туралы мәлімет:**

**Қожашев Мұхит** - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6D021400-Әдебиеттану» мамандығының 3-курс докторанты, Достық даңғылы 13, Алматы, Қазақстан.

**Kozhashev Mukhit** - 3rd year doctoral student of the specialty «6D021400 - Literary criticism» of Abai Kazakh National Pedagogical University, Dostyk Avenue 13, Almaty, Kazakhstan.